

ҚҰЛАҚТАНДЫРУ

Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылы, 17 мекен-жайы бойынша орналасқын «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» акционерлік қоғамы («Қоғам») осымен өзінің акционерлерін Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылы, 17 үй мекен-жайы (Қоғамның атқарушы органының мекен-жайы) бойынша 2015 жылдың 26 қарашасында 10 сағат 30 минутта 1201 конференц-залда мынадай күн тәртібімен акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысы өткізілетіндігі туралы хабардар етеді:

- 1) Сандық құрамын, өкілеттігі мерзімін анықтау және Қоғам акционерлері жалпы жиналысының есептеу комиссиясының мүшелерін сайлау;
- 2) Қоғамның директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау.

Акционерлерді тіркеудің басталу уақыты – 2015 жылдың 26 қарашасы 09 сағат 30 минут.

Акционерлерді тіркеудің аяқталу уақыты – 10 сағат 15 минут.

Кворум болмаған жағдайда акционердің қайталама кезектен тыс жалпы жиналысы осы күн тәртібімен осы мекен-жай бойынша 2015 жылдың 27 қарашасында 10 сағат 30 минутта болады.

Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысына қатысуға құқы бар акционерлердің тізімі жасалатын күні мен уақыты – 2015 жылдың 23 қазанында 23 сағат 59 минут.

Алда тұрған акционерлердің жалпы жиналысы бойынша материалдармен жиналыс өткізілетін күннен 10 күн бұрын Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылы, 17, 13-ші қабат, 1313 кабинет мекен-жайы бойынша жұмыс күндері сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін, сондай-ақ www.kmger.kz сайтында танысуға болады.